

Тлеубай Сандуғаш Тлеубаевнаның

«6D010100 – Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу» мамандығы бойынша «философия докторы» (PhD) дәрежесін алу үшін дайындаған «**Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту**» тақырыбындағы диссертациясына

АНДАТПА

Зерттеудің көкейкестілігі: Қазақстанның әлемдегі озық отыз елдің қатарына ену мен мемлекетте бәсекеге қабілетті, интеллектуалды ұлт қалыптастыру қажеттілігі жағдайында қазіргі үздіксіз білім беру саласына, соның ішінде баланы мектепке дейінгі ұйымдарда оқыту мен тәрбиелеу мәселесіне аса мән беріліп отырғаны мәлім. Қазақстан Республикасының білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдармасында кәсіби даярлау мазмұнының сапасын жақсарту, бәсекеге қабілеттілігін арттыру, кәсіби білім беру жүйесін әлемдік озық тенденциялар мен контекстінде модернизациялау, болашақ педагогтердің практикалық даярлығын арттыру міндеттелген.

«Қазақстан-2050» Стратегиясы қалыптасқан мемлекеттің жаңа саяси бағыты» атты Жолдауда Қазақстан әлемде жоғары білімді, халқы үш тілді де: қазақ тілін – мемлекеттік тіл ретінде, орыс тілін – ұлтаралық қатынас тілі ретінде және ағылшын тілін – жаһандық экономикаға нәтижелі өтудің көмекші тілі ретінде еркін меңгерген ел болып танылуына басымдық берілгені баршаға мәлім. Сол себептен, ел азаматтары 2025 жылға дейін үш тұғырлы яғни, білім арқылы интеграциялану үшін ағылшын тілін де меңгере білу қажеттігі айтылған болатын.

Еліміздің әлемнің озық отыз елінің құрамына кіруіне, әлемнің білім беру кеңістігіне енуіне және нарықтық талаптарға сай кәсіби іс-әрекетте ана тілінде және шет тілінде қарым-қатынас жасай алатын бәсекеге қабілетті, құзырлы педагогтер даярлау міндеттері алға қойылған. Осыған орай, барлық білім беру мекемелерінің, оның ішінде ЖОО-ның мақсаты әлемдік талаптарға сай мобильді, жаңаны қабылдауға бейім, креативті, сыни ойлай алатын, коммуникативті, кәсіби құзыретті жеке тұлғаны қалыптастыру болып табылады. Сондықтан қазақ, орыс, ағылшын тілдерін педагогикалық жоғары оқу орындарда болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту өзекті мәселе болып отыр.

Елбасы Н. Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласында: «Болашақта ұлттың табысты болуы оның табиғи байлығы емес, оның бәсекелік қабілетімен айқындалады. Сондықтан, әрбір қазақстандық, сол арқылы тұтас ұлт ХХІ ғасырға лайықты қасиеттерге ие болуы керек. Мысалы, компьютерлік сауаттылық, шетел тілдерін білу, мәдени ашықтық сияқты факторлар әркімнің алға басуына сөзсіз қажетті алғышарттардың санатында. Сол себепті, «Цифлы Қазақстан», «Үштілде білім беру», «Мәдени және конфессияаралық келісім» сияқты бағдарламалар – ұлтымызды, яғни барша қазақстандықтарды ХХІ ғасырдың талаптарына даярлаудың қамы», - делінген.

Осыған байланысты, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мәселесі өзекті болып табылады. Өйткені, 2019 жылдың желтоқсан айында қабылданған Қазақстан Республикасы «Педагог мәртебесі» заңының қабылдануы және соған сәйкес педагогқа қатысты қызметтері, іс-әрекеттері, құзыреттіліктеріндегі өзгерістерінің болуы зерттеу жұмысымызға жаңаша көзқараспен қарауды талап етеді. Біріншіден, зерттеу жұмысымызда құзыреттілік ұғымы қарастырылса, екіншіден, педагог өзінің кәсіптік шеберлігін, зерттеушілік, зиякерлік және шығармашылық деңгейін үздіксіз жетілдіру міндеттелген.

2020 жылғы 05 мамырдағы №182 бұйрығымен өзгерістер енгізіліп, бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттың инвариативтік бөлімінде қазақ тілі мен орыс тілі міндетті, ал вариативтік бөлімінде

барлық балабақшаларда ағылшын тілін өткізіп жатқандығы біздің зерттеу жұмысымыздың өзектілігін арттыруда.

Сондай-ақ, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнына сәйкес креативтілікті, шет тіліне деген қызығушылық арқылы коммуникативтік қарым-қатынасты дамытуды, сыни ойлауды және командада жұмыс істей білуді дамытуға бағытталған әлеуметтік-тұлғалық қасиеттерді қалыптастыру болып табылады. Бұл дегеніміз баланы 4К моделіне бағыттай отырып, әр түрлі жағдаяттағы тілдік қарым-қатынасқа түсу арқылы командада жұмыс істей білуі мен креативтілігі, сыни тұрғыдан ойлауды дамытуы.

Болашақ педагогтердің коммуникативтік құзыреттілігін дамытудағы тілдің мәні мен маңызы туралы ерте заманнан бүгінге дейін философтар, психологтар, педагогтердің көзқарастарында орын алып, бүгінгі күні қоғам талабына сай жүйеленіп келеді. Б. Рассель, В. Гумбольдт, А.А. Леонтьев, Л.В. Щерба, А.Р. Лурия, шығыс ғұламалары Әбу Насыр әл-Фараби, Ж.Баласағұн [және қазақ ойшылдары А.Құнанбаев, М.Жұмабаев, А. Байтұрсынұлы еңбектерінен бастау алғанын зерделеу барысында көз жеткізілді.

Көне түркі ғалымы Ж. Баласағұн «ақылдың көркі – тіл, тілдің көркі – сөз» дегенде, тіл арқылы жеке адамның тәжірибесі мен қарым-қатынасы, санасы үздіксіз дамып отыратындығын көрсетеді.

Қазақ ауылындағы отбасы тәрбиесі, мектепке дейінгі тәрбие, баланы балабақшада тәрбиелеу туралы ең алғаш еңбек жазған Нәзипа Құлжанова (1887-1939 жж.) болды. Сондай-ақ Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мәселесі бойынша тарихи-әдістемелік, ғылыми-теориялық арнайы зерттеулер жүргізген педагог ғалымдар Б.Б.Баймұратова, А.К. Менжанова, Қ.М.Меңдаяқова, М.С.Сәтімбекова, А.Б.Бакреденова, Ә.С.Әмірова, Т.А.Левченко, Ф.Н.Жұмабекова, А.Е.Манкеш, С.Н.Жиенбаева, Г.З.Таубаева, К.М.Метербаева, А.К.Атыманова т.б. зерттеулері нәтижесінде ғылыми-әдістемелік еңбектер, оқу-құралдар, бағдарламалар жасалды. Аталған еңбектер қазақ тілінде жұмыс істейтін балабақшаларда тәлім-тәрбие мазмұнын жаңартуға лайықты үлес қосуда.

ТМД елдері бойынша Р.М. Рахимова, Е.Г. Андреева, О.С.Ушакова, И.Е.Тихеева, Е.А.Флерина, А.М.Бородич т.б. мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту мәселесін әр қырынан зерттеп, құнды тұжырымдар жасаған.

Білім беру саласында ТМД елдерінің ғалымдары оқыту үдерісінде құзыреттілік, кәсіби құзыреттілік мәселелерінің теориясы мен әдістемесі, құзыреттілік мәселесімен арнайы айналысқан ғалымдар: И.А.Зимняя, Р.П.Мильруд, Э.Ф.Зеер, Т.М.Балыхина, А.В.Хуторской және т.б. қарастырған.

Мамандардың құзыреттілігін түрлі аспектіде зерттеген ғалымдар Г.Ж.Ниязова, М.Х. Балтабаев, Ш.Т.Таубаева, К.С.Құдайбергенова, Б.Т.Кенжебеков, Г.М.Касымова, С.С.Кунанбаева, Л.К.Карабаева және т.б. еңбектерінде қарастырылған. Болашақ мамандардың коммуникативтік құзыреттілігін қалыптастыру мәселелері Ф.Ш.Оразбаева, С.Р.Рахметова т.б. еңбектерінде зерделенген. Соңғы жылдары зерттелген жұмыстар, К.Т. Мулдабекова, П.С. Кудабая, Т.М. Есимғалиева, К.О. Оразбаева, Д.К. Садирбекова, Г.А.Ризаходжаева, А.Б.Тасова және т.б. еңбектерінде қарастырылған.

Қостілділік (билингвизм), мультилингвизм негізін теориялық тұрғыдан зерттеген ғалымдар У. Вайнрайх, О. Гарсиа, Ж. Камминс, Дж.Хаммерс және М.Бланка және отандық ғалымдар Б.А. Жетписбаева, А. Н. Садыкова, Е. Д. Аманбекова, Г. Д. Алдабергенова, Э.Д.Сулейменова және т.б.

Жоғарыдағы айтылғандардан Қазақстанды мекендеген ұлттардың толеранттылықта өмір сүру қажеттілігін қамтамасыз етуде білім беру саясатының қағидасы – үштілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамыту қажеттігі байқалады.

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында: «Мемлекеттік тілді үйрету балабақшадан басталуы тиіс. Бұл заман талабы» – деп көрсеткен болатын. Осыған сәйкес, қазіргі мектепке дейінгі ұйымдардан бастап ата-аналардың ағылшын тіліне деген үлкен

сұранысы, қоғамдағы қажеттіліктен туындап отырған мәселе екені белгілі. Ал, бұл дегеніміз үштұғырлы тілді оқыту, оқу үдерісі барысында жүзеге асады және ол мектепке дейінгі білім берудің негізгі компонентінің бірі болып табылады. Жоғарыда айтылғандардың барлығы болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерін үштұғырлы тілді оқытуға даярлау қажеттігін дәлелдейді. Алайда бұл мәселе осы кезге дейін зерттеу нысанына алынбаған. Сол себепті болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштұғырлы тілді оқытуға даярлау теориясы мен тәжірибесі арасында қарама-қайшылық туындап отыр. Нақты айтқанда, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың ғылыми-теориялық негізделмеуі, үштілді кәсіби педагогке деген сұраныстың күн санап артуы мен үштілде (қазақ, орыс, ағылшын) пайдаланылатын әдістемелік құралдардың жеткіліксіздігі арасында қарама-қайшылықтардың бар екені байқалды. Осы қарама-қайшылықтар біздің проблемамызды айқындап, зерттеу тақырыбымызды **«Болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту»** деп таңдауымызға негіз болды.

Зерттеудің мақсаты – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыдан негіздеп, әдістемесін ұсыну.

Зерттеудің нысаны – жоғары оқу орнындағы оқу-тәрбие үдерісі.

Зерттеудің пәні – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілділік коммуникативтік құзыреттілігін оқу-тәрбие үдерісінде дамыту.

Зерттеудің болжамы – егер, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздеріне сәйкес оның әдістемесі жасалып, оқыту үдерісіне ендірілсе, **онда** болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігі жоғары деңгейде дамиды, **өйткені** бұл жағдайда болашақ мамандардың үштілдік білімдері кеңейіп, оқу іс-әрекетінде жүзеге асыруға негіз болады.

Зерттеу міндеттері:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың теориялық негіздерін айқындап, «коммуникативтік құзыреттілік» ұғымына сәйкес «үштілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымын нақтылау;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың ерекшеліктерін анықтау;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделін жасау;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әдістемесін даярлау және оның тиімділігін тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындау.

Зерттеудің жетекші идеясы: ЖОО-да болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігінің дамуы оқыту үдерісінің тиімді ұйымдастырылуына ықпалын тигізеді.

Зерттеудің теориялық-әдіснамалық негіздері: болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту туралы философиялық, психологиялық, педагогикалық тұжырымдамалар, ғалымдардың үштілділік құзыреттілік дамыту тұжырымдамасы, педагогикалық технологиялар туралы педагогика мен психологиядағы теориялық қағидалары, үштілділік құзыреттілікті дамыту туралы ғылыми тұжырымдамалары, оқытудың дидактикалық заңдары мен принциптері.

Зерттеудің дереккөздері: философтардың, педагогтар мен психологтар еңбектері; Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің жоғары және көпсатылы оқу орындарының оқу үдерісіне байланысты ұсынған құжаттары (тұжырымдамалары, кешенді бағдарламалары, оқулықтар мен оқу-әдістемелік құралдар, электрондық оқу құралдары), педагогиканың ғылыми жетістіктері мен озық тәжірибелері; ресми материалдар мен

құжаттар (Қазақстан Республикасы «Білім туралы» Заңы, «Қазақстан Республикасы білім беруді және ғылымды дамытудың 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы»), Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативті құжаттары, мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты, типтік оқу бағдарламасы, университеттік білім беру жағдайында оқыту үдерісін ұйымдастыру бойынша жинақталған әлемдік озық тәжірибелер және автордың педагогикалық, ғылыми іс-тәжірибелері алынды.

Зерттеу кезеңдері: зерттеу жұмысы 3 кезеңмен өткізілді.

Бірінші кезең (2017-2018 жж.) – зерттеу мәселесі бойынша философиялық, педагогикалық психологиялық, ғылыми-әдістемелік әдебиеттер мен нормативтік құжаттарға теориялық тұрғыдан талдау жасалды. Зерттеу жұмысының ғылыми аппараты айқындалып, зерттеудің мақсат-міндеттері, зерттеу пәні мен нысаны, зерттеу кезеңдері және ғылыми болжамы айқындалды, «үштілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланды, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың ерекшеліктері анықталып, құрылымдық-мазмұндық моделі жасалып, өлшемдері мен деңгейлері көрсетілді, ғылыми мақалалар жарияланды.

Екінші кезең (2018-2019 жж.) – болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту үлгісін оқыту үдерісіне енгізу тиімділігін анықтау бойынша тәжірибелік-эксперименттік жұмыс жүргізілді. Анықтау эксперименті барысында мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының студенттерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту өлшемдеріне сәйкес бастапқы білім деңгейлері зерделенді. Осы кезеңде болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуға бағытталған «Үштілді білім беру негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту» атты элективті курс бағдарламасы мен «Let's do it» үйірмесінің бағдарламасы мен жоспары әзірленіп, оқыту үдерісіне енгізілді.

Үшінші кезең (2019-2020 жж.) – жүргізілген эксперимент қорытындыларын талдау, жалпылау, нақтылау нәтижелері бойынша алдын-ала жасалған қорытындыларға түзетулер ендірілді, эксперимент материалдары жүйеге келтірілді, соның негізінде, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілікті дамыту динамикасы анықталды, болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың тиімділігі математикалық-статистикалық тұрғыда негізделді.

Зерттеудің әдістері:

- теориялық (ғылыми-теориялық әдебиеттерді талдау, салыстыру, нәтижені жобалау);

- эмпирикалық (сауалнама, әңгімелесу, бақылау, оқу-әдістемелік құжаттарды саралау, студенттердің өзіндік жұмыстарын талдау, тестілеу, тәжірибелік жұмыс жүргізу).

Зерттеудің базасы: Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті.

Зерттеудің жаңалығы мен теориялық маңыздылығы:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту теориялық тұрғыда негізделіп, «үштілдік коммуникативтік құзыреттілік» ұғымы нақтыланды;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері анықталды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі жасалды;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту әдістемесі дайындалып, оның тиімділігі тәжірибелік-эксперименттік жұмыстар барысында тексеріліп, ғылыми негізделген ұсыныстар дайындалды.

Зерттеудің практикалық маңыздылығы:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту мақсатында «Үштілді білім беру негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту» атты элективті курс бағдарламасы және «Let's do it» үйірмесінің бағдарламасы мен оны іске асыратын әдістемесі дайындалды;

- зерттеу нәтижелерін жоғары және арнаулы педагогикалық оқу орындарында, мұғалімдердің біліктілігін арттыру және қайта даярлау институты мен жалпы орта білім беретін мектептердің, мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің білім беру үдерісінде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын қағидалар:

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытуды теориялық тұрғыда негіздеу барысында, нақтыланған үштілдік коммуникативтік құзыреттілік ұғымы, маманның өзін-өзі табысты әрекет ету жағдайында құзыреттілікке қол жеткізуімен, мамандығына байланысты іс-әрекеттерді орындауда көрініс беріп, кіріктірілген тұлғалық сапасын білдіреді;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың психологиялық-педагогикалық ерекшеліктері негізінде болашақ маманның өзін-өзі табысты жүзеге асыруы (эмоциялық байланысқа түсе білуі, коммуникативтік міндеттерді қоя білуі, қарым-қатынастың үлгісін жасай білуі, тыңдау мен есту, оқу мен жазу, қарым-қатынасты сөзбен белсендіру, көзқараспен, педагогикалық талаптармен қатар, маман ретінде этикалық норманы сақтау, дұрыс қарым-қатынас стилін таңдай білу және т.б.) мүмкін болады;

- мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамытудың құрылымдық-мазмұндық моделі, болашақ маманның ғылыми педагогикалық әрекеттерінің дайындығын қамтамасыз ететін ұстанымдарды, компоненттерді, құралдары мен формаларды ашып көрсететін әдіснамалық, теориялық және әдістемелік сипаттағы негізгі қағидалар жиынтығынан түзілген құрылым;

- болашақ мектепке дейінгі ұйым педагогтерінің үштілдік коммуникативтік құзыреттілігін дамыту, педагогикалық үдеріске мазмұндық-әдістемелік тұрғыда «Үштілді білім беру негізінде коммуникативтік құзыреттілікті дамыту» атты элективті курс бағдарламасы мен Let's do it» үйірмесінің бағдарламасы мен жоспарын енгізуімен қамтамасыздандырылады.

Автордың **жеке қатысуы** диссертацияда баяндалған және баспа еңбектерінде жарияланған ғылыми нәтижелерге қол жеткізуден, зерттеудің негізгі тұжырымдамалық идеялары мен ережелерін теориялық тұрғыдан дамытудан тұрады.

Диссертацияның зерттеу нәтижелерін апробациялау және енгізу: Диссертациялық жұмыстың негізгі нәтижелері 13 мақалада жарияланды. Соның ішінде 4 мақала ҚР БЖҒМ Білім және ғылым саласындағы сапаны қамтамасыз ету Комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда, 1 мақала Scopus базасына енген шетелдік басылымда, 8-халықаралық ғылыми-практикалық конференциялар жинақтарында жарияланды.

Диссертация құрылымы мен мазмұны: Диссертация кіріспеден, екі бөлімнен, қорытындыдан, пайдаланылған әдебиеттер тізімінен және қосымшадан тұрады. Жұмыс көлемі 173 бет, 24 кесте, 12 суретпен безендірілген. Пайдаланылған әдебиеттер тізімі 170 дереккөздерінен тұрады.